

14 Ayed Ayasrah, M., and Nazri, L. (2019), “Intertextuality Between T. S Eliot and Al Sayyab’s Poetry”, *International Journal of English Linguistics*, vol. 9, no. 3, pp. 78-84.

15 Kristeva, J. Bakhtin, slovo, dialog i roman [The word, the dialogue, and the novel], *Frantsuzskaya semiotika: Ot strukturalizma k poststrukturalizmu* [French semiotics: From structuralism to poststructuralism], translated from French, compiled, and introduced by G.K. Kosikov] (Moscow: IG Progress, 2000).

Received: 29.12.2025

МҒТАР 16.21.49

DOI:10.59102/kufil/2026/iss1pp229-243

Л.А. Аманкулова¹, К.Б. Жалгасбаева¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ МЕНТАЛЬДІЛІК: ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Мақаланың мақсаты – көркем шығармалар арқылы көрінетін ментальдік категориясын талдау. Зерттеуде ментальділік категориясы мен оның көркем мәтіндегі репрезентациясы қарастырылған.

Ғылыми жұмыстың негізгі идеясы – әдебиеттегі ментальдік категориясын ұлттық код, ұлттық дүниетаным негізінде дәйектеу. Сонымен бірге оның көркем шығармаларда көрініс беретін прагматикалық аспектісіне назар аудара отырып, нақтылы дәлелдер келтіру.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу еңбектері алынды. Атап айтсақ, В. фон Гумбольд, М. Барг, А.Я. Гуревич, Е.Ф. Бизунова, А.А. Потемня, В.В. Колесов, Н.К. Култанбаева, Б. Шалабай, Б. Омарұлы. Қ. Байтанасова және тағы басқа зерттеушілердің ұлттық таным мен ментальдікке қатысты ғылыми пайымдары сараланды.

Зерттеу барысында ментальділіктің жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың әлемді және өзін қабылдауын, ой мен сезімін, құндылықтары мен іс-әрекеттерін негіздейтін ақылға қонымды рухани ұстанымдар жиынтығы екені анықталды. Ментальділікті қазір көптеген зерттеу еңбектерінде діл деп қолдану қалыптасқан. Дегенмен зерттеуде әлемдік ғылыми ортада қалыптасқан ментальділік термині қолданылды. Себебі, шетелдік ғылыми айналымда «діл» термині емес «ментелитет» термині қолданылады.

Зерттеу кезінде көркем мәтіндердегі ментальділікке байланысты ұғымдарды түсіндіру және талдау әдістері пайдаланылды.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы – қазіргі қазақ әдебиет теориясындағы ұлттық белгі, ұлттық таным, ұлттық колорит, ұлттық характер сияқты терминдердің басын біріктіріп, олардың тұтас категориялық сипатын ментальділік ұғымымен астастыра талдау зерттеудің негізгі ұстанымдарының бірі болды.

Әдебиеттегі теориялық ұғымдардың ғылыми ауқымының кеңдігі мен оның басқа ғылым салаларындағы аттас ұғымдармен сабақтастығы негізінде ментальділік ұғымының лингвистикалық, философиялық, психологиялық, тарихилық негіздері де мақала мақсатына сай сараланды.

Бұл мақаланы жоғары оқу орындарындағы лингвистикалық пәндерді оқытуда пайдалануға болады.

Кілт сөздер: ментальділік, менталитет, прагматика, ұлттық діл, мәтін, мәтінді концептуалды талдау, когнитивтік лингвистика.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Рухани құндылықтар таратушысы әрі этникалық тұрғыдан өзін-өзі анықтаудың құралы болып саналатын мәдениет пен тілдің бөлінбес бірлігі мәдениеттер арасындағы диалог пен этносаралық мәдени-тілдік байланыс мәселесін мұқият пайымдауды қажет етеді.

Мәдениетаралық қарым-қатынас, мәдениеттер диалогы кезінде коммуниканттардың ұлттық мінезін, ой-танымын, эмоционалдық құрылым ерекшелігін, яғни менталитетін ескеру маңызды. Сонымен бірге тілдегі прагматикалық ерекшелік кез келген мәтіндегі ментальділік арқылы да көрініс табады. Прагматика бір сөзбен айтқанда мәтін арқылы оқырманына әсер ету болып саналады. Прагматика қызметінің тиімділігі – адресаттың сана-сезіміне мақсатты түрде ықпал етуде, сондықтан көркем мәтіннің коммуникативтік маңызы арта түседі. Шығарма мәтіндерінде прагматикалық қызметке сай келетін тілдік өзгерістердің көптеп кездесуі бұл үдерістің негізгі мақсаты оқырманға әсер ету екендігін көрсетеді. Қазіргі тіл білімінде көркем мәтіндегі прагматикалық аспектілерді зерттеу мәтінді жаңа қырынан тануға жол ашады. Әсіресе оның ментальдікпен байланысын аша түсу басты зерттеу әдісі болмақ. «Прагматика бүгінгі күні ғылымдағы жаңа бағыт емес, ол мәтінді түсіне отырып талдаудың бір көрінісі. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты, коммуникативтік негізді саралауда прагматиканың берері көп» [1, 394], – деген ғылыми пайыммен келісе отырып, оның негізгі аспектілеріне назар аудартамыз.

Неміс тіл маманы В. фон Гумбольд белгілі бір тілде сол тілдің иесінің дүниетанымы берілетінін атап көрсетеді және тіл иесінің қоршаған ортаны қалай қабылдайтындығына байланысты тілде әлем көрінісі бейнеленетінін айтады. В. фон Гумбольдтың әрбір тілге тән ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін қамтитын тілдің ішкі формасы мен дыбыстық форманың ұғыммен байланысының ерекшеліктері көрінетін сөздің ішкі формасы туралы ілімі осы ережелерге негізделген. XIX ғасырдың бірінші жартысында неміс ғалымы В. фон Гумбольдтың тілді адам рухының жанды әрекеті деп айтқан ойы қазіргі күнде де өз жалғасын тапқан. Тілдік үдерістердің ой-таныммен, ментальділік үдерістермен өзара қатынаста екені ғылыми дәлелденген. Байқасақ тілдің ішкі ерекшелігі мен сөйлеушінің ойын жеткізуде қолданатын грамматикалық амалдардың негізі автордың тыңдаушыға немесе оқырманға әсер етуді көздегінен болады. Сонымен бірге автордың әрқашан өз ұлттық тілінің мол қорын пайдаланатынын да ұмытпау керек. Себебі автор тілді қолданушы тұлға ретінде сол тілдің барлық мүмкіндігін өз шығармасында жаңа сипатта, жаңа көркемдік аяда көрсетеді.

Зерттеу нысаны болып отырған ментальділік ұғымы мен көркем шығармалардан алынған мысалдарға жасалған әдеби-герменевтикалық талдаулар зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын айқындайды. Себебі, мақала нәтижелерін көркем мәтіндерді лингвистикалық талдау пәні мен әдебиет теориясы, әдеби талдау пәндерінде қолдануға болады. Зерттеу барысында отындық және шетелдік (В. фон Гумбольд, М. Барг, А.Я. Гуревич, Е.Ф. Бизунова, А.А. Потебня, В.В. Колесов, Н.К. Култанбаева, Б. Шалабай, Б. Омарұлы, Қ. Байтанасова) ғалымдардың ғылыми пайымдары қолданылды. Ғылыми еңбектердегі тұжырымды ойларды дәлелдеу үшін Н. Айтұлы, Т. Әбдікәкімұлы, Қ. Сарин өлеңдеріндегі ұлттық ментальділіктің көркем берілуінен мысалдар келтірілді.

КІРІСПЕ

Көркем әдебиет тілін сөздегі ұлттық сипаттың көрінісі тұрғысынан зерттеу тәсілі ұлттық дүниені тану мен өзіндік сана-сезімді толық көрсететін мәдени-дүниетанымдық феноменнің объективті, тарихи бөлігі ретіндегі этникалық менталитет, этникалық өзгешелікті танып-білуде жаңа тиімді дүние ұсына алады.

Тілді бұлай зерттеу шығарманың мазмұндық-концептуалдық негізін жаңаша танып-түсінуге, автор ойының мәніне тереңдей бойлауға және көркемдік идеясын түсінуге мүмкіндік

береді. Сөзді ұлттың мәдени, этникалық белгісін тасымалдаушы деп қарастыру оқырман қабылдауын кеңейте түседі.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы қазіргі қазақ әдебиеттануындағы ұлттық белгі, ұлттық таным, ұлттық колорит, ұлттық характер сияқты ұғымдарды өзара сабақтастықта қарастырып, олардың категориялық тұтастығын ментальділік ұғымы аясында талдаумен сипатталады. Көркем шығармалардағы ұлттық код ұғымдарының ментальділік категориясымен сабақтастыра талдау қазіргі әдебиеттану мен лингвомәдениеттану ғылымдары үшін маңызды ғылыми мәселелердің бірі. Мәселенің шешімін осылайша саралау зерттеудің ғылыми өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – көркем әдебиеттегі ментальділік категориясының мазмұны мен табиғатын ғылыми тұрғыдан айқындау және оның ұлттық дүниетаным, ұлттық код, мәдени-танымдық құндылықтар негізінде көркем мәтінде көрініс табу ерекшеліктерін талдау. Зерттеу барысында ментальділіктің көркем мәтіндегі тілдік, мазмұндық және прагматикалық қырлары айқындалып, оның ұлттық мәдениет пен дүниетанымды танытудағы маңызы анықталады. Зерттеу мақсатына сәйкес бірқатар ғылыми міндеттер қойылды. Атап айтқанда, ментальділік ұғымының ғылыми-теориялық негіздерін айқындау және оның гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі қолданылу ерекшеліктерін саралау көзделді. Сонымен қатар ұлттық таным, ұлттық код, ұлттық характер сияқты ұғымдардың ментальділік категориясымен өзара сабақтастығын анықтау міндеті қарастырылады. Зерттеу барысында көркем шығармаларда көрініс беретін ментальділік категориясының мәдени-танымдық және прагматикалық қызметі ғылыми тұрғыдан негізделді.

Алдыға қойған мақсат пен міндеттерді шешу үшін алдымен көркем мәтіннің оқырманға әсері мен автор ұстанымы туралы зерттеу еңбектеріне шолу жасалды. Мәселен, автор мен қабылдаушының байланысы туралы профессор Б. Шалабай: «мәтін прагматикасы оның мағыналық ақпараттық мазмұнымен, авторлық интенциясымен, мәтін құрудың мотивімен, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, қабылдаушыға әсер ету, оның реакциясын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалды мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты қашан қабылдаушы мәтінді түсініп, мәтін оған әсер етіп, оның жан-дүниесінде белгілі бір өзгерістер пайда болып, оның реакциясын туғызғанда ғана тілдік қарым-қатынас өз мүддесіне жетті деуге болады. Кез-келген мәтіннің негізгі міндеті – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-дүниесіне әсер етіп, «ояту», «реакция туғызу» [2, 131], – дейді. Ғалымның пайымдарын саралай келе жалпы прагматиканың басты белгісі қандай да болмасын тілдік амалдарды үнемді, ретімен пайдалана отырып, оқырманының жүрегінен жол табу, өз идеясын жеткізу болып саналады. Зерттеу барысында нысанаға алынған ақындардың шығармаларындағы ұлттық дүниетанымның берілуіне назар аударылды. Ұлттың тілдегі мәдени коды әрдайым белгілі бір ұғымдар мен сөздердің мағыналық үйлесімі арқылы көрінеді.

Көркем мәтіндегі прагматикалық функциялар сөйлеу әрекетіндегі сөйлеушінің ниетін тануға бағытталады. Бұл тұрғыдан алғанда прагматика көркем мәтіндегі қатысымдық таңбалардың мәнін ашуға мүмкіндік береді. Шығармада автор қолданған тілдік таңбалар белгілі бір іс-әрекеттік мақсатпен құрылып, оқырманға әсер ету құралына айналады. Прагматика тілдік таңбалар мен оны қолданушы субъект арасындағы қатынасты бейнелейді. Кез келген айтылым тек ақпарат беріп қана қоймай, сол ақпаратты қабылдаушының эмоциясына, ойлауына ықпал ететін тілдік бірліктер арқылы жасалып, белгілі бір реакция тудыруға ұмтылады. «Көркем мәтіннің прагматикалық әлеуеті мәтіннің прагматикалық қабатын құра отырып, барлық деңгейдегі тілдік бірліктер арқылы жүзеге асырылады. Олардың лексикалық, синтаксистік, морфологиялық, фонетикалық, стилистикалық, айқын прагматикалық мағыналары тілдік бірліктердің семантикалық құрылымының тұрақты құрамдас бөлігі болып табылатын коннотация арқылы беріледі» [3], – деген ғылыми пайыммен де келісе отырып, тілдің әр қабатындағы сөздердің мол қорын авторлар өз ұлтының дүниетанымы негізінде қолданады деуге болады.

«Жалпы, прагматикалық деңгей – ұлттық сипаттан анық байқалатын тілдік тұлға деңгейі. Сондықтан да, ұлттық мәдениет өлшемдері тілдік тұлғаның халқына қарата айтқан, ой сана жеткізген прагматикаға толы үндеулерінен анық байқалады» [4].

Халықтың ментальді түсінігі ғасырлар бойы, мыңжылдықтар бойы сұрыпталады, сөйтіп ұжымдық тәжірибеге айналады, соңында этникалық тіршілік, этникалық тарих сияқты үздіксіз әрі мәңгілік дүниеге – тілге сіңеді. Осының арқасында тіл халықтың этникалық менталитеті, мәдени-тарихи, мәдени-психологиялық ерекшелігі туралы түсінікті танып-білуде ерекше рөл атқарады. Тілде әлемнің концептуалдық бейнесі көрініс табады, ал адамды біз белгілі бір ұлттық ментальділікті тасымалдаушы деп танимыз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу барысында ментальдік пен тілдегі прагматика туралы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері сараланды. Атап айтсақ, А.Я. Гуревич, М. Рожанский, Е.Ф. Бизунова, В.В. Колесов, В.А. Маслова, Б. Шалабай, Б. Омарұлы және тағы басқа ғалымдар. Сонымен бірге ақындар Н. Айтұлы, Т. Әбдікәкәмұлы, Қ. Сарин өлеңдеріндегі ұлттық менталитет пен дүниетаным кодына мысалдар алынып талданды.

Жұмыстағы зерттеулерді жүргізу барысында саралау, талдау әдістерімен қатар, салыстыра отырып, қорытындылау сияқты әдістер қажетіне қарай қолданылды. Саралау әдісі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі ментальдік және тілдің прагматикалық аспектілерінің теориялық негіздерін анықтауда қолданылды. Н. Айтұлы, Т. Әбдікәкімұлы, Қ. Сарин өлеңдеріндегі ұлттық менталитет пен дүниетаным кодтарын анықтауда әдеби-теориялық талдау әдістері қажетінше пайдаланылды. Өлеңдердегі ұлттық код пен ментальдік тек ақындардың жеке стильдік ерекшеліктері ғана емес, жалпы тілдің ішкі қуатымен байланысты екені де осы әдіс арқылы анықталды. Ақындардың шығармаларындағы мәдени-прагматикалық ерекшеліктерді анықтау барысында олардың шығармаларын өзара салыстыру әдісі пайдаланылды.

Тілдің прагматикалық сипатын анықтау барысында әдеби мәтіндерге жасалатын герменевтикалық талдау әдісінің элементтері мақсатқа сай алынды. Прагматикалық аспекті мен ментальдік туралы жалпы талдау нәтижелерін негіздеу барысында қорытындылау әдісі қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Ментальділік ұғымының бірнеше интерпретациясы бар екенін де айта кету керек. Мәселен, М. Барг ментальділікті символдар жиынтығы деп қарастырады, бұл символдар жиынтығы маңызды мәнге ие, олар үстем идеологияның негізін қалайды және күнделікті ұғым-түсініктер, ой стеротиптерін тудырады [5].

Зерттеуші А.Я. Гуревичтің пікірінше «менталитет – бұл жеке және қоғамдық сананың деңгейі..., терең тамырлары, қандай да бір толық түйсікке және қалыптасқан идеялар мен қағидаттарға негізделген өмірлік ұстанымдар мен іс-әрекеттер үлгісінің, эмоция мен көңіл-күйдің магмасы» [6, 454]. Яғни белгілі бір ұлттың халық болып қалыптасу жолында өзіне ғана тән белгілерінің тілінде, мәдениеті мен әдебиетінде көрінуін ментальділік деп атауға болады.

Сонымен бірге ментальділіктің негізгі белгісі халықтың тұрмысы мен әлеуметтік жағдайына да байланысты болады. Прагматикалық аспект – бұл көркем мәтіннің оқырманға әсер ету тетіктерін зерттейтін лингвистикалық және әдеби-теориялық бағыт. Бұл аспектіде мәтіннің оқырманмен қалай «қарым-қатынасқа түсетіні», оның көзқарасына, эмоциялық қабылдауына, дүниетанымына қалай ықпал ететіні қарастырылады.

Прагматикалық талдау барысында автор мен оқырман арасындағы жасырын диалог, мәтіндегі экспрессивтік-эмоциялық құралдардың қызметі, коммуникативтік ниет пен мақсаттың жүзеге асу жолдары зерделенеді. Осылайша, прагматикалық аспект мәтіннің тек құрылымдық емес, функционалдық сипатын да ашуға мүмкіндік береді.

Әр халықтың ежелден қалыптасқан ертегілеріне назар аударсақ, олардың тұрмысы мен тарихи қалыптасу кезеңіндегі негізгі мәселелері де айқын көрінеді. Ертегідегі батырлардың тұлғасы және олардың серігі болған тұлпары туралы қазақ халқының фольклорлық мұрасына айқын және көрнекті орын алса, орыс ертегілерінде жылқының бұл қасиеті көп ашылмайды. «Осындай мәдени маркерлер арқылы этностың ерекшелігі, мәдениеті, танымы және дүние бейнесі айқын көрінеді» [7].

1-кесте – Қазақ және орыс ертегілерінің атауы

<i>Қазақ ертегілерінде</i>	<i>Орыс ертегілерінде</i>
«Төстік», «Кенжекей», «Керкұла ат», «Бекторы», «Шойынқұлақ», «Шалқұйрық» т.б.	«Иван-царевич», «Иванушка», «Иванушка – дурачок», «Василиса при мудрая», «Василиса красавица», т.б.

Кестеден көргеніміздей, қазақ танымына байланысты кенже баланың ерекшелігі мен атау берудегі ментальділік орыс халқынан біраз ерекше. Е.Ф. Бизунованың «Ертегілерге халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі кіреді, бұған ертегілерде кездесетін табиғи және антропологиялық ұғымдар, жақсылық, зұлымдық, жүрек, ерік, ақиқат және шындық, махаббат пен жеккөрушілік, зұлымдық, әділеттілік, сенім, рухтар, жарық пен қараңғылық және т.б. дәлел бола алады» [8, 54] деген пікірімен келісе отырып, ертегі әр халықтың ұлттық болмысы менталитеті арқылы көрінеді деуге болады.

Қазақ және орыс ертегілеріндегі менталитет көрінісі халықтың дүниетанымы, өмір салты, құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік қатынастары арқылы айқын байқалады. Қазақ ертегілерінде көшпелі өмір салтына тән дүниетаным, еркіндік рухы, батырлық пен әділдікке ұмтылу сияқты ментальдік белгілер айқын байқалады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде басты кейіпкердің батылдығы, жолдастыққа адалдығы және қиындыққа қарсы тұра білуі қазақ халқының ерлік пен табандылықты жоғары бағалайтын менталитетін көрсетеді. Сонымен бірге ертегіде жылқы, тұлпар, табиғат кеңістігі сияқты элементтердің жиі кездесуі көшпелі мәдениеттің дүниетанымдық негіздерін танытады. Орыс халық ертегілерінде қауымдық өмір салты, шыдамдылық, тағдырға сенім және православиялық дүниетаным құндылықтары байқалады. Мысалы, «Иванушка-дурачок» туралы ертегілерде басты кейіпкердің қарапайымдылығы, аңғалдығы және ақыр соңында әділдікке жетуі орыс халық менталитетіндегі «қарапайым адамның жеңісі» идеясын көрсетеді. Иван бастапқыда әлсіз, аңғал болып көрінгенімен, адал ниеті мен мейірімділігі арқылы жеңіске жетеді. Қазақ ертегілерінде еркіндік, батырлық, тапқырлық және көшпелі кеңістікке байланысты дүниетаным басым болса, орыс ертегілерінде қарапайымдылық, сабырлық, қауымдық құндылықтар және моральдық сынақтар арқылы жетілетін кейіпкер бейнесі жиі кездеседі. Осылайша екі халық ертегілері де өздерінің тарихи тәжірибесін, мәдени құндылықтарын және ұлттық менталитетін көркем формада бейнелейді. Қазақ фольклорын зерттеген ғалым С. Қасқабасов: «Ерте заманда туып, көне дәуірдің көріністерін сақтап келсе де, қиял-ғажайып ертегілер халқымыздың тұрмысын, салтын бейнелейді, күнделікті өмірін көрсетеді. Әрине, өмір шындығын қиял-ғажайып ертегілер тікелей, сол қалпында емес, эстетикалық тұрғыда алып көрсетеді. Өмірдегі тартыстар, болмыс көріністері, адамдардың қарым-қатынасы – бәрі халықтың эстетикалық рухында түзіледі» [9,192], – деп қазақ ертегілерінің тұрмыс-салттық сипаты мен эстетикалық табиғатына назар аудартады. Ғалымның пайымдауынша, қиял-ғажайып ертегілерде бейнеленетін тартыс пен адамдар арасындағы қатынастар да халықтың эстетикалық рухына сәйкес көркемделеді. Батыр мен дұшпан, жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық арасындағы күрес арқылы халықтың рухани құндылықтары көрінеді. Осылайша ертегі сюжеті өмір шындығын көркемдік тұрғыдан жинақтап, халықтың дүниетанымын, әлеуметтік ұстанымдарын және рухани мұраттарын эстетикалық формада бейнелейді.

М. Мағауин «Ұлттың күре тамыры» [10] атты мақаласында қазақ ментальділігінің қалыптасуына әсер еткен бір фактор орталық жүйе екенін айтады. Орталық жүйе деп ғалым халықтың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық кодты айтады. Автор бұл еңбегінде

ұлттың тірегі – ана тілі, әдебиет және тарихи сана екенін көрсетеді. Бұл құндылықтар ұлттың «күре тамыры» іспеттес, олар үзілсе, ұлттың рухани болмысы мен тұтастығы жойылады деген тұжырым айтылады.

Қазіргі қазақ лирикасына назар аударсақ, көптеген ақындардың шығармаларында ұлттық менталитет айқын байқалады. Жоғарыда көрсетілгендей, ақындардың дүниетанымында ұлттық тілмен бірге қалыптасқан ұғымдар айқын көрінеді.

Ақын Несіпбек Айтұлының «Жұлқынып жүйрік сынды кермедегі» деген өлеңінде лирикалық тұлғаның бірден өзін кермедегі жұлқынып тұрған асау атқа теңеп бастауы нағыз қазақы менталитеттің белгісі деуге болады [11]. Өлеңдегі бөліп алған жолдар тек жылқыға қатысты десек те, олардағы негізгі ойдың берілуі қазақтың қанына сіңген жылқы ұғымының асқақтығында деуге болады. Мысалы: «Жұлқынып жүйрік сынды кермедегі», «Жалында жүйткуменен сәйгүліктің», «Құйғытса қырларымда құлан-ойлар» деген жолдардан ұлттық дүниетанымға негізделген лирикалық тұлғаның жеке ойы мен қазаққа ғана тән менталитетін байқау қиын емес. Ақын жылқыға қатысты жүйрік, жал, сәйгүлік, құлан-ойлар деген сөздерді қолданған.

Ақынның келесі өлеңіндегі тілдің құдіреті туралы ұғым «қызыл тіл қара тасты балқытады» деп қазақ халқының ұлттық мәдениетіне тән менталитетті көрсетеді. Өлеңде:

Түбіне тіршіліктің тағдыр ие,
Тәңірдің ғұзырында бар дүние.
Қызыл тіл қара тасты балқытады,
Келгенде қылқобыздай зар күйіне.
Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға,
Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда! [11] – дейді.

Несіпбек Айтұлы «сүрінбес, су төгілмес тілім жорға» деген тармақтағы тілдің құдіретін үстінен су төгілмес жорға аттың жүрісіне балап, метафоралық оралым жасайды. «Келгенде қылқобыздай зар күйіне» дегендегі қылқобыз ерекше образ жасап тұр. Қылқобыз – тек аспап емес, көк түркілерден бері келе жатқан сакралды символ, жан күйінің үні, халық жадының мұрасы. Бұл образ арқылы автор жан азабын, мұңды күйді жеткізеді – ол ментальдік деңгейде халықтық қайғыны да меңзеуі мүмкін. «Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!» деген тармаққа назар аударсақ. Қазақ мәдениетінде ақпа жыр, пір, шабыт ұғымдары – рухани болмыстың тірегі. Бұл жолдарда авторлық ментальдік модель ретінде ақын-жыраулық дәстүрмен рухани байланыс айқын көрініс табады.

Ал Тыныштықбек Әбдікәкімовтің «Бір тал үкі» деген өлеңінде қазақ халқының үкі деген құсты қасиет санап, оның бір тал қауырсынын домбыраға, жас баланың бесігіне, бойжеткен қыздың тақиясына тағуынан келіп шыққан қазақ халқының әлемтанымдық менталитетін көрсетеді [12]. Ақын халық танымындағы осы ойды дамыта түсіп, үкінің қауырсыны арқылы табиғатқа қылдай қиянат келтірмеуге тырысатын қазақ түсінігін білдіреді. Сюжетке құрылған өлеңде үкінің үш жұмырқасы жатқан ұядан бір тал қауырсын алған лирикалық кейіпкер кейін сол жұмыртқаларды үкінің басып шығармай ұясын тастап кеткенін білгенде өкінеді. Бірақ оның үкі қайтып келер деген үміті де өшпей, жақсылықтан үміткер болады. Автор «үкі – үміт», «керік – көңіл», «қауырсын – қиянат» деген сияқты жаңа орылымдар арқылы өлеңнің бүкіл идеясын береді. Өлеңде автор қазақ танымындағы табиғатқа қиянат жасауға болмайды деген ойды осылайша бір тал үкі қауырсыны арқылы береді. Тыныштықбек ақынның келесі өлең жолдарына назар аударсақ:

Асығамыз,
Аспан – көк, Дала – сары...
Әлдеқайдан боздайды бота-сарын.
Кешегіні ұмытып та үлгермедік,
кім біледі келешек не тосарын?

Ойда жоқта ит-тірлік қанаттанып,..
самсап шығар қарсы алдан қонақтарым!..

Өтірік боп та ойсызға «оқылармыз»,
өсектердің алдында сан ақталып [12].

Өлең «Өмір» деп аталады. Өлеңдегі өмір ұғымының философиялық мағынасы қазақ ұлттық танымы мен әлемді тану мендальдігін көрсетеді. «Бота-сарын» деген сөзді автор өзі ғана қолданған метафора десек те, оның түп негізі халық ұғымымен байланысты екенін көреміз. Халықтық қолданыстағы «ит-тірлік» ұғымы да «өтірік боп та ойсызға «оқылармыз», «өсектердің алдында сан ақталып» деген тармақтардағы негізгі оймен ұштасып, өлең идеясын береді.

Өлең прагматикалық және ментальділік тұрғыдан күрделі поэтикалық мазмұнға ие. Онда замана тынысы, элеуметтік астар, өмір философиясы және адам мен қоғам қатынасы терең суреттеледі. Өлең авторы оқырманмен коммуникативтік интенцияға түсіп, ішкі диалог жүргізеді. Ол замана ағысы мен адам болмысы арасындағы қақтығыс пен мазасыздықты жеткізуді мақсат етеді: «Кешегіні ұмытып та үлгермедік, Кім біледі келешек не тосарын?» Бұл сөйлемдер автордың уақытқа тәуелділік, беймәлімдік алдындағы шарасыздық сезімін білдіреді. Автор бұл арқылы оқырманды ойлануға, замана өзгерісін қабылдауға психологиялық тұрғыда дайындап, оны қатер мен үміт аралығындағы күйге қояды.

Ментальділік тұрғысынан өлең қазақ дүниетанымындағы өмір философиясын, тағдыршылдықты, элеуметтік қатынасқа деген көзқарасты бейнелейді. Қазақ ұғымында «кеше», «бүгін», «ертең» үнемі қатар жүреді, олар ментальді жүйеде тағдыр жолы ретінде қарастырылады. Мысалы: «Кешегіні ұмытып та үлгермедік, Кім біледі келешек не тосарын?», – деген жолдарда өткенге тәуелділік, болашаққа сенімсіздік, уақыт пен тағдыр философиясы айқын сезіледі бұл қазақы ментальді модель дей аламыз.

Кез келген айтылым тек ақпарат беріп қана қоймай, сол ақпаратты қабылдаушының эмоциясына, ойлауына ықпал ететін тілдік бірліктер арқылы жасалып, белгілі бір реакция тудыруға ұмтылады десек, ақынның қолданған сөздері тек өлең идеясы ғана емес, халық танымы арқылы көрінген ментальдік десек те болады. Ақын өлеңдерінде оқырманға әсер етудің түрлі тәсілдері – экспрессивтілік, эмоционалдық жүктеме, риторикалық сұрақтар, символика мен философиялық астар жиі кездеседі.

Қазіргі қазақ поэзиясы өкілдерінің бірі Қалқаман Сарин өзінің «Дала» деген өлеңінде қазақ ұғымындағы дала бейнесін әсерлі етіп береді [13]. Даланың кеңдігі мен әдемілігін суреттей келе, оны қазақ менталитетімен байланыстырып, тоғыз пернелі домбыраға балайды. Өлең жолдарындағы «қоңыр», «шерлі мұң», «момын молалар» тіркестеріндегі қоңырқай ұғым қазақ халқының өткен тарихын меңзесе, келешегін «дара нұр», «қыр таңы», «бағы батпандай» сөздерімен бүгінін және болашағын айтады.

Ақынның «Ауылға бардым» деген өлеңіне назар аударсақ:

Ауылға бардым... бала күндерім кекілді,
Алдымнан шықты. Ақ жауын жуып бетімді,
Алақаныма тамшысы жылы тиеді,
Аяулы анамның аппақ жаулығы секілді.

Шаңдақ жол жатыр шақырып тағы шалғайға,
Жазғырма мені... Жазылған тағдыр маңдайға.
Кетуге, бірақ, қия алмай тұрмын, тамсанып
Анамның берген ақ құртын салып таңдайға.

Өлеңдегі қазақ менталитеті «бала күндерім кекілді», «анамның аппақ жаулығы» арқылы берілсе, оның прагматикалық аспектісі «анамның берген ақ құртын салып таңдайға» деген жолдарына салынған. Себебі құрттың түсінің ақ болуы, ол ана тілегімен ұштасып оқырмандарына ауылдың сағынышқа толы бақытты кезеңдерін елестетеді. Өлеңде ақын прагматикалық аспектінің екі түрін де қолданған. Алдымен барлық ауылдан шыққан адамдарға түсінікті, жақын ұғымдарды алып, кейін оның экспрессивті-эмоциялық жағын көрсетуге бағыттаған. Туған ауылдың ақ жауынының жылылығы анасының ақ жаулығындай көрінуі де

сағынышпен өріле келе, оқырмандарына әсерлі болмақ.

Коммуникативтік интенция кезінде автор оқырманмен жеке, лирикалық әңгіме жүргізіп отырғандай әсер береді. Ол балалық шағының, ауыл мен анасының бейнесі арқылы сағыныш, мейірім сияқты эмоциялық күйді жеткізуді мақсат етеді. Мысалы:

«Алақаныма тамшысы жылы тиеді,
 Аяулы анамның аппақ жаулығы секілді».

Өлеңдегі теңеу – оқырманға бала кездің жылуын, аналық қамқорлықты сезіндіру үшін қолданылған эмоционалды-прагматикалық тәсіл. Автор табиғат құбылысы жаңбыр мен анасының бейнесін біріктіру арқылы қатпарлы эмоциялық әсер қалдыруға тырысады.

Ментальділік – мәтіндегі ұлттық дүниетаным, тарихи-мәдени сана мен когнитивтік үлгілерді зерттейді. Бұл өлеңде қазақы ұғымдар, символдар, эмоциялық бейнелер терең көрініс тапқан. Мысалы: «Анамның аппақ жаулығы» – қазақ ментальдігінде жаулық – аналық мейірімнің, тазалықтың, жұмсақтықтың символы. Автор ақ жауын мен жаулықты салыстыра отырып, табиғат пен ананы қатар қояды – бұл табиғаттың да мейірімді, аналық болмысқа ие екенін көрсетеді. «Анамның берген ақ құртын салып таңдайға» – дегенде қазақтың дәстүрлі тағамы – құрт ұлттық мәдениет пен балалық шақтың белгісі ретінде көрінеді. Автор тек дәмдік естелікті емес, аналық махаббатты, туған жердің рухани дәмін жеткізеді. Бұл – ұлттық ментальділік мазмұнының көрінісі.

Осы үш ақын шығармаларындағы ұлттық ментальдік негіздерін кестеге салып көрсек:

2-кесте – Қазақ поэзиясындағы ұлттық ментальдік көріністері

Несіпбек Айгұлы	Тыныштықбек Әбдікәкімов	Қалқаман Сарин
Түбіне тіршіліктің тағдыр ие, Тәңірдің ғұзырында бар дүние. Қызыл тіл қара тасты балқытады, Келгенде қылқобыздай зар күйіне. Сүрінбес, су төгілмес тілім жорға, Атасы ақпа жырдың, пірім, қолда!	Ойда жоқта ит-тірлік қанаттанып,.. самсап шығар қарсы алдан қонақтарым!.. Өтірік боп та ойсызға «оқылармыз», өсектердің алдында сан ақталып.	Шаңдақ жол жатыр шақырып тағы шалғайға, Жазғырма мені.. Жазылған тағдыр маңдайға. Кетуге, бірақ, қия алмай тұрмын, тамсанып Анамның берген ақ құртын салып таңдайға.
Лирикалық кейіпкер тіл күдіретіне табынады.	Лирикалық кейіпкер көңілінде алаңдаушылық бар.	Анаға деген сағыныш көрінеді.
Тағдыр, Тәңірдің ғұзырында, тілім, қылқобыздай зар күйіне.	ит-тірлік қанаттанып, самсап шығар, өтірік боп, өсектердің алдында.	Шаңдақ жол, жазылған тағдыр, шақырып тағы шалғайға.
Үш өлең үш түрлі сезім-күйді береді. Үшеуіне ортақ дүние – қазақ ұғымына негізделген образдардың жасалуы.		

Автор мен оқырман арасындағы байланыс көркем мәтін арқылы жүзеге асады, ал бұл қарым-қатынаста тілдің функционалды-прагматикалық аспектілері маңызды болып саналады.

Көркем мәтінде прагматикалық категория автор мен оқырман арасындағы тілдік-коммуникативтік әрекетті ұйымдастырса, ментальділік – сол әрекеттің ұлттық-мәдени мазмұнын анықтайды. Екеуінің үйлесімді қарастырылуы көркем шығарманың терең мағыналық қабаттарын ашуға және тілдің тек құрылым емес, мәдени феномен екендігін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Талданған үш ақынның өлеңдеріндегі ментальдік пен прагматикалық негіздерін кестеде көрсетілгендей атап өтуге болады.

3-кесте. Өлеңдердегі ментальдік пен прагматикалық негіз

Қырлар	Қысқаша сипаттама
Прагматикалық түрғыдан	Үш өлең де оқырманмен байланыс орнату үшін әртүрлі тілдік-экспрессивтік тәсілдер қолданады: бірінде эмоциялық естелік арқылы, екіншісінде әлеуметтік толғаныс арқылы, үшіншісінде рухани поэзия тілі арқылы.
Ментальділік түрғыдан	Барлығы ұлттық дүниетаным негізінде жазылған. Бірінші өлең – тұрмыстық-отбасылық модельге, екінші – әлеуметтік санаға, үшінші – рухани-мифологиялық

	ментальділікке негізделген.
Ұлттық мазмұн	Қазақы дүниетаным үш өлеңде де көрініс тапқанымен, бейнелеу деңгейі әртүрлі: заттық (1), эмоциялық-әлеуметтік (2), концептуалдық-рухани (3).

Ойымызды түйіндей келе, қазақ ақындарының өлеңдеріндегі негізгі ұғымдар халықтың танымы мен мәдени дүниетанымы негізінде қалыптасып, ұлттық менталитетті білдіреді деуге болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Менталитетті лингвистикалық көзқарас тұрғысынан қарастыру А.А. Потебня мен И.А. Бодуэн де Куртенэ сияқты ғалымдарға тиесілі, олар менталитетті өзі өмір сүретін орта, жеке тұлға мен қоғамның арасындағы рухани-символдық байланыстың көрінісі деп таниды, бұл тілде ой-танымның маңызды категориясы ретінде көрінеді. Осылайша, қазіргі лингвистикада ментальдік үдерістер мен құрылымдарды зерттеуге ерекше көңіл бөлініп жатқаны айқын байқалады. Ментальділік теориясы бойынша зерттеулер ғылымда бұл феномен туралы анық бір түсінік қалыптаспағанын аңғартады, жекелеген мәселелер мен олардың шешу жолдары ғана зерттелген.

Мұндай мәселелердің қатарына ментальділіктің анықтамасы мен оның репрезентациясының амал-тәсілдерін айқындауды жатқызуға болады. В.В. Колесов атап көрсеткендей, ментальділіктің анықтамасы мәселесі, негізінен, көп жағдайда ғалымдардың ментальділік ұғымы мен оның мазмұн ерекшелігі туралы осы мәселенің негізін қалаушы ғалымдар еңбектерін ескермеуден туындайды, мәселен, В. фон Гумбольд, А.А. Потебняларды ұмыт қалдырып, кей жағдайда ментальділікті тіл мәселесі ретінде қарастыруды мүлде естен шығарады [14].

Тарихи оқиғалар әдебиетте өз ізін қалдырады дегенде де оның ұлттық ментальдікті қалыптастыруға негіз болатынын айтуымыз керек. Қазақ әдебиетіндегі ментальділіктің негізі де тарихи кезеңдердегі түрлі оқиғалар және халықтың тұрмысы мен мәдениеті, әлеуметтік сатыға көтерілуі сияқты факторлармен байланысты.

Көркем мәтін өз оқырманына мазмұндық жағынан ақпарат бере отырып, оны әрі қарай оқуға деген ынта мен қызығушылықты арттырады және мәтіннен жаңа мәлімет күту дағдысын қалыптастырады. Осы тұрғыда әрбір автор өз шығармасында оқырман мен мәтін арасындағы диалогты қамтамасыз ететін тақырыптық прагматиканы өзекті мәселе ретінде қарастырады. Яғни, авторлар туындысының тақырыптық және ақпараттық мазмұнымен қатар, оның прагматикалық әлеуетін де басты назарда ұстайды. Осындай қызметінің нәтижесінде көркем мәтін тек көркем-эстетикалық туынды ғана емес, сондай-ақ оқырманмен белсенді коммуникацияға түсетін прагматикалық құрал ретінде танылады.

В.В. Колесов сияқты біз де ментальділікті ана тілдің категориялары мен формаларындағы таным арқылы қалыпты жағдайдағы ұлттық мінездің интеллектуалдық, рухани және еріктілік қасиеттерін біріктіретін дүниетаным деп білеміз.

Біршама лингвистер ментальділікті осылай түсінуді қолдайды, сол себепті «тілдік ментальділік» деген термин ұсынылуы бекер емес. Бұл ұғым адамның рухани, интеллектуалдық және сезімдік тіршілігінің алуан түрлілігінің тілдегі көрінісін береді. Себебі, «көркем шығармаларда сөздің көркемдік және эмоционалдық қуаты анық көрініс табады. Автордың идеясы мен ұстанымы көркем бейнелер арқылы жеткізіледі. Сөздің берілу стилі мәдени норма болып табылады. Осылайша, кез келген жанрдағы көркем туынды адамды терең әрі бейнелі ойлауға, қиялдауға және ұлттық тілді терең меңгеруге ынталандырады» [15, 247].

Мақалада көркем шығармалардан алынған үзінділер арқылы әрбір қаламгердің даралық стилі, дүниетанымы, өмір сүрген ортасы мен заманы прагматикалық функциялар тұрғысынан зерделеніп, талданды. Автор мен оқырман арасындағы байланыс көркем мәтін арқылы жүзеге асады, бұл процесте тілдің функционалды-прагматикалық аспектілері маңызды рөл атқарады. Талдау барысында герман тіл біліміне сүйенген прагматика теориялары қолданылып, бұрын

қазақ тіл білімінде кездеспеген ұғымдар мен тәсілдер анықталды. Зерттеу барысында автор-мәтін-оқырман үштігі аясында көркем тілдің прагматикалық қызметі сараланып, мәтіндерден алынған үзінділер тілдік бірліктер мен прагматикалық құралдар тұрғысынан талданды. Осылайша, көркем мәтіндегі прагматикалық мүмкіндіктердің ауқымы мен теориялық маңызы нақтыланды.

Көркем мәтін тілін зерттеуде прагматика мен ментальділік мәселелері тілдік бірліктердің қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Прагматика – сөйлеу актісіндегі тілдік құралдардың коммуникативтік және функционалдық қызметін, яғни айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасты зерделейтін сала. Бұл тұрғыдан келгенде, көркем шығармадағы автор мен оқырман арасындағы байланыс прагматикалық ұстанымдар арқылы реттеледі. Автор оқырманға бағытталған ой-пиғылын белгілі бір тілдік тәсілдер арқылы береді, бұл тәсілдердің мәні тек құрылымдық емес, сонымен қатар прагматикалық қызметпен де өлшенеді.

Ал ментальділік тілдік сана мен ұлттық дүниетанымның көрінісі ретінде көркем мәтінде ерекше орын алады. Автор қолданған образдар, тұспалдар, тілдік символдар сол халықтың мәдени-танымдық деңгейімен тығыз байланысты. Ментальділік арқылы көркем шығармада ұлт болмысы, тарихи жады мен әлеуметтік құндылықтар көрініс табады. Бұл тұрғыда прагматикалық және ментальділік категориялары өзара байланыста, себебі тіл арқылы берілетін ойдың тиімділігі мен қабылдануы осы екі ұғымның тоғысында жүзеге асады.

Прагматикалық тұрғыдан алғанда, көркем мәтін бұл автор мен оқырман арасындағы мақсатты коммуникацияның нәтижесі. Оның негізгі қызметі оқырманға ықпал ету. Бұл ықпал ету эстетикалық әсермен қатар, танымдық және эмоциялық деңгейлерде жүзеге асады. Автордың коммуникативтік интенциясы мәтін құрылымында көрініс тауып, оқырманның қабылдауына әсер етеді. Прагматика – сөйлеу актісіндегі тілдік құралдардың коммуникативтік және функционалдық қызметін, яғни сөйлеуші мен тыңдаушы (автор мен оқырман) арасындағы прагматикалық қатынасты зерттейтін лингвистикалық бағыт болғандықтан көркем шығармада автор мен оқырман арасындағы байланыс прагматикалық ұстанымдар арқылы реттеліп отырады. Автор өзінің коммуникативтік интенциясын белгілі бір тілдік-стистикалық тәсілдер арқылы береді. Бұл тәсілдердің мәні тек құрылымдық деңгейде емес, сонымен қатар олардың прагматикалық қызметі арқылы бағаланады.

Көркем мәтіндегі прагматикалық аспекті екі мақсатқа бағытталады. Біріншісі – коммуникативтік мақсат, яғни мәтін арқылы идея, ой, көзқарас сияқты ақпараттарды оқырманға жеткізу. Бұл мақсатта тілдік бірліктер хабарды дәл, айқын және әсерлі жеткізу үшін таңдалады. Екіншісі – эмоционалдық мақсат, ол оқырманның сезіміне ықпал ету арқылы белгілі бір оқиғаға немесе жағдайға эмоционалдық қатысуын қамтамасыз етеді.

Осы мақсаттар мәтіндегі тілдік құралдардың таңдалуы мен ұйымдастырылуын анықтайды. Прагматикалық тәсіл мәтінді құрылымдық емес, функциялық деңгейде қарастырып, оның оқырманға бағытталған әрекеттік сипатын алдыңғы қатарға қояды. Сонымен, көркем мәтін прагматикасы – тілдік бірліктердің коммуникативтік және эмоциялық қызметін зерттейтін, оқырман қабылдауына әсер ету тетіктерін айқындайтын кешенді сала.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көркем мәтіндегі прагматикалық бірліктер – сөйлеу актілері, бағалауыш сөздер, экспрессивті құрылымдар авторлық ментальді модельдердің айқындалуына себепкер болады. Осылайша, прагматика тілдің қызметін, ал ментальділік сол қызметтің ұлттық-танымдық негізін ашып көрсетеді. Қорыта келгенде, көркем мәтінді талдауда прагматика мен ментальділік біртұтас әдістемелік кешен ретінде қарастырылуы қажет. Прагматикалық тәсіл мәтін лингвистикасының эмоциялық және эстетикалық қызметін зерттейтін, оқырман қабылдауына әсер ету тетіктерін айқындайтын күрделі лингвистикалық бағыт. Мәтін лингвистикасындағы ментальділік бұл тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын адам санасындағы когнитивтік құрылымдар мен ұлттық дүниетанымның жүйесі. Ол мәтінде автордың әлемді қабылдау ерекшелігін, мәдени-танымдық көзқарасын, эмоциялық және концептуалдық бағдарын бейнелейді. Ментальділік категориясы көркем мәтінде образдар, метафоралар, символдар, ұлттық реалиялар арқылы көрініс тауып, оқырманның сол мәтінді

түсіну, бағалау және интерпретациялау үдерісіне тікелей ықпал етеді. Осылайша, ментальділік мәтін мазмұнын ұлттық-мәдени контексте ұғынуға мүмкіндік беретін маңызды когнитивтік-мәдени категория болады.

Көркем мәтінді прагматикалық және ментальділік тұрғыдан зерттеу ұлттық дүниетаным мен тілдік сананың көрінісін терең пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл екі категория өзара тығыз байланыста болғандықтан, оларды біртұтас әдістемелік кешен ретінде қарастыру көркем тілдің табиғатын терең түсінуге негіз болады. Мәтін прагматикасы мен ментальділік құбылысы көркем туындылардағы авторлық идея мен оқырман қабылдауы арасындағы байланыс механизмдерін саралауға, сөйтіп көркем шығарманың прагматикалық әлеуетін ғылыми тұрғыдан зерделеуге жол ашады. Мәтін лингвистикасындағы прагматикалық және ментальділік категориялары мәтіннің мазмұнын, құрылымын және ықпал ету мүмкіндігін жан-жақты ашуға мүмкіндік беретін маңызды ұғымдар.

Прагматикалық категория мәтінді коммуникациялық әрекет ретінде қарастырып, автор мен оқырман арасындағы тілдік өзара әрекеттің ерекшеліктерін зерделейді. Ол мәтіндегі тілдік құралдардың мақсатты қолданылуын, авторлық интенцияны, оқырманға әсер ету механизмдерін айқындайды. Прагматикалық тәсіл мәтіндегі мағынаны контекст, жағдаят және адресаттың қабылдауына байланысты қарастырады.

Ал ментальділік мәтінде көрініс тапқан ұлттық дүниетаным, мәдени сана мен когнитивтік модельдердің жиынтығы. Ол автордың ойлау жүйесі мен рухани болмысының көркем тіл арқылы берілуін қамтамасыз етеді.

Осы екі категорияның бірлігі мәтінді тек құрылымдық деңгейде емес, мазмұндық, функционалдық және мәдени-когнитивтік тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Прагматикалық талдау мәтіннің әрекеттік сипатын ашса, ментальділік сол әрекеттің ұлттық-танымдық негізін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мәтінді концептуалдық талдау дегеніміз көркем мәтіннің концептерін айқындау, бұл концептер негізінен мәтіннің қуатты позициясы мен мазмұндық категорияларында өзінің тілдік сипатын танытады және оларды қарастыру әлемнің менталдық көрінісіндегі киелі әрі қадірлі дүниені ашып көрсетуге мүмкіндік береді. «Сөз үдеріс ретінде» позициясынан (В. фон Гумбольдтан басталып, кейін А.А. Потебня дамытқан, Қазан және Санкт-Петербург лингвистикалық мектебі өңдеген) келіп шығатын сөзге қатысты когнитивтік тәсіл тіл иесінің өмір мен әлем туралы рухани түсінігінің ұлттық ершелігін ашып көрсетеді, ал лексикология мен лексикографияға тән сөзді дәстүрлі талдау рухани-менталдық үдерістердің айқын көрінуіне мол мүмкіндік бермейді. Кез келген халықтың менталдылығы ана тілдің категориялары мен формаларында беріледі, және ой толығымен сөзбен жеткізіледі, бұл орыс сөзінің философиясы бойынша іргелі дереккөздерде нақты дәлелденген (Потебня А.А. (1989, 1993), Лосев А.Ф. (1990), Колесов В.В. (1999, 2000) және т.б.), осының негізінде сөз суреткері барынша ұлттық ментальділіктің көрсеткіші бола алады.

Сонымен ментальдік белгілі бір ұлттың тарихи-мәдени тәжірибесіне негізделген дүниетанымдық жүйесі десек, қазақ менталитеті тілде бейнелі ойлау, астарлы мағына, тұспалмен сөйлеу, ізеттілік пен сыпайылыққа құрылған қарым-қатынас арқылы көрінеді. Осы ерекшеліктер тілдік прагматикамен тығыз байланыста: қазақ сөйлеу мәдениетінде тыңдаушыға тікелей бұйыру емес, жанама түрде сөйлеу басым. Бұл тілдік қарым-қатынастың ұлттық моделі.

Прагматика сөйлеу актісіндегі мақсатты ықпал ету, әсер ету, көзқарас білдіру, тыңдаушыны әрекетке итермелеу сияқты коммуникативтік үрдістерді зерттейді. Қазақ тіліндегі прагматикалық бірліктер қошемет сөздер, бата, мақал-мәтел, эвфемизмдер, қаратпа сөздер, тілдік экспрессия құралдары барлығы да ұлттық сананың, яғни менталитеттің тілдік көрінісі болады. Қазақ тіліндегі прагматикалық құралдар ұлттық менталитетке негізделеді.

Тілдік бірліктер тек грамматикалық құрылым ретінде емес, сол ұлттың дүниетанымын,

әдеп нормаларын, қарым-қатынас дәстүрін бейнелейді. Прагматика тілдің әрекеттік сипатын көрсетсе, менталитет оның мазмұндық-мәдени астарын ашады. Екеуінің бірлігі тілдік тұлғаның (сөйлеуші мен тыңдаушының) өзара әрекетін ұлттық негізде түсінікті әрі тиімді етеді.

Қазақ және орыс халықтарындағы ұлттық фольклор негізінде туған ертегілерді талдай отырып, жалпы ұлттық таным тұрғысынан алғанда айырмашылық бар екені байқалды. Ал ақындар өз шығармаларында ғасырлар бойы қалыптасқан сөздік қордағы ұлттық философияны қалай түрлендіріп қолданғанын көрдік. Бұл жалпы прагматикалық аспақтінің ментальдікпен үндесе келе оқырманына әсерлі және түсінікті суреттің пайда болуына ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, кез келген мәтінді тану үшін мәтінге кешенді, көп қырлы талдау қажет деген деген байлам жасадық. Мәтіндегі мағыналық мазмұн мен композициялық құрылымды ғана түсініп қана қоймай, мәтіннің өн бойындағы авторлық ұстанымды, қаламгердің ішкі әлемін, өзіне ғана тән шығармашылық даралығын, шығармасын кімге бағыттап жазғанын да назарда ұстаған жөн деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Fareed Nameed Al-Hindawi, Mariam D. Saffah. Literary Pragmatics // Arab World English Journal (AWEJ). – Volume 10. №2. June 2019. – pp. 394-408. DOI: <https://dx.doi.org/10.24093/awej/vol10no2.30>
- 2 Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2006. – 131 б.
- 3 Akkuzova A., Mankeyeva Z., Akkuzov A., Kaiyrbekova U., & Baiymbetova R. Some features of the meaning “literary text” in the pragmalinguistic aspect // Opción. – 2018. – 34(85-2). – pp. 20-34.
- 4 Kembayeva A.T., Zhubai O.S. Pragmatic features of epistolary texts by SH.Murtaza // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Philological sciences». – 2023. – № 4(71). – pp. 326-340.
- 5 Барг М. Дәуірлер мен идеялар. – М., 1987. – 348 б.
- 6 Гуревич А.Я. Ментальдылық // Жаңаша ойлау сөздігінің тәжірибесі. – М., 1989. – 557 б.
- 7 Култанбаева Н.К. Ертегі дискурсының лингвомәдени өлшемдері (қазақ, орыс және араб тілдері материалдары негізінде). Философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Ақтөбе, 2022. – 145 б.
- 8 Бизунова Е.Ф. Ертегілік дискурс – халық менталитетінің бір көрінісі (белорус және неміс ертегілері мысалында) // П.М. Машеров атындағы Витебск мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – Витебск, 2017. – № 3. – Б. 54.
- 9 Қасқабасов С. Ойөріс. Алматы: «Жібек Жолы», 2009. – 303 б.
- 10 Мағауин М. Ұлттың күре тамыры // Жұлдыз. – 1994. – №10-12. – Б. 161-162.
- 11 Айтұлы Н. Жұлқынып жүйрік сынды кермедегі. URL: <https://bilim-all.kz/olen/24741-ZHulqynyp-zhuirik-syndy-kermedegi> (қаралды: 18.05.2024).
- 12 Әбдікәкімұлы Т. Бір тал үкі. URL: <https://bilim-all.kz/olen/31622-Bir-tal-uki> (қаралды: 18.05.2024).
- 13 Сарин Қ. Дала. URL: <https://bilim-all.kz/olen/4774-Dala> (қаралды: 18.05.2024).
- 14 Колесов В.В. Ежелгі Русь: сөздегі мұра. Адам әлемі. – СПб., 2000. – 326 б.
- 15 Байтанасова Қ.М. Ауыл бейнесі және ұлттық таным // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №2/2023. – Б. 244-258.

Материал 17.02.2026 баспаға түсті

Ментальность в художественном тексте: прагматический аспект

Л.А. Аманкулова¹, К.Б. Жалгасбаева¹

¹Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, 050000, Казахстан

Цель статьи – проанализировать ментальную категорию, выраженную в

художественных произведениях. В статье рассматривается категория ментальности и её репрезентация в художественном тексте. Основная идея научной работы заключается в формулировке ментальной категории в литературе на основе национального кода и мировоззрения. Методологической основой исследования послужили труды зарубежных и отечественных учёных. В частности, анализировались научные суждения В. фон Гумбольда, М. Барга, А.Я. Гуревича, Е.Ф. Бизуновой, А.А. Потебни, В.В. Колесова, Н.К. Култанбаевой, Б. Омаровича, К. Байтанасовой и других исследователей, касающиеся национального сознания и ментальности.

Исследование показало, что ментальность представляет собой набор духовных принципов, которые определяют восприятие, мысли, чувства, ценности и действия человека или социальной группы. Текст – это отличительная, широкомасштабная вербальная форма речево-мыслительных актов. В современных исследованиях часто используется термин «менталитет», однако в данном исследовании применяется термин «ментальность», утвердившийся в мировом научном обороте.

В исследовании применялись методы анализа, контроля, дифференциации, систематизации фактического материала, описания, компонентного анализа и моделирования языковых ситуаций. Научная значимость работы заключается в анализе таких терминов современной казахской литературной теории, как национальный знак, национальное сознание, национальный колорит и национальный характер, в сочетании с понятием ментальности. Исследование охватывает широкий спектр теоретических понятий в литературе и их связь с аналогичными понятиями в других областях науки, что позволяет дифференцировать лингвистические, философские, психологические и исторические основы понятия ментальности.

Практическая значимость выводов работы состоит в том, что они могут быть использованы в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и семинарам в вузах.

Ключевые слова: ментальность, менталитет, прагматика, национальный менталитет, текст, концептуальный анализ текста, когнитивная лингвистика.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Fareed Nameed Al-Hindawi, Mariam D. Saffah. Literary Pragmatics // Arab World English Journal (AWEJ). – Volume 10. №2. June 2019. – pp. 394-408. DOI: <https://dx.doi.org/10.24093/awej/vol10no2.30>
- 2 Шалабай Б. Стилистика казахского языка. – Алматы, 2006. – 131 с.
- 3 Akkuzova A., Mankeyeva Z., Akkuzov A., Kaiyrbekova U., & Baiymbetova R. Some features of the meaning “literary text” in the pragmalinguistic aspect // Opción. – 2018. – 34(85-2). – pp. 20-34.
- 4 Kembayeva A.T., Zhubai O.S. Pragmatic features of epistolary texts by SH.Murtaza // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Philological sciences». – 2023. – № 4(71). – pp. 326-340.
- 5 Барг М. Эпохи и идеи. – М., 1987. – 348 с.
- 6 Гуревич А.Я. Ментальность // Опыт словаря нового мышления. – М., 1989. – 557 с.
- 7 Култанбаева Н.К. Лингвокультурные измерения дискурса сказки (на материале казахского, русского и арабского языков). Диссертация на соискание ученой степени доктора философии (PhD). – Актобе, 2022. – 145 с.
- 8 Бизунова Е.Ф. Сказочный дискурс как отражение менталитета народа (на примере белорусской и немецкой сказок) // Вестник «Витебский государственный университет им. П.М. Машерова». – Витебск, 2017. – № 3. – С. 54.
- 9 Магауин М. Артерия нации // Жұлдыз. – 1994. – №10-12. – С. 161-162.
- 10 Айтулы Н. Рвущийся, словно скакун у кордона. URL: <https://bilim-all.kz/olen/24741-ZHulqynur-zhuirik-syndy-kermedegi> (дата обращения: 18.05.2024).
- 11 Абдикакимұлы Т. Одна перьевая сова. URL: <https://bilim-all.kz/olen/31622-Bir-tal-uki> (дата обращения: 18.05.2024).

12 Сарин К. Степь. URL: <https://bilim-all.kz/olen/4774-Dala> (дата обращения: 18.05.2024).

13 Колесов В.В. Древняя Русь: наследие в слове. Мир человека. – СПб., 2000. – 326 с.

14 Байтанасова К.М. Образ аула и национальное сознание // Вестник Евразийского гуманитарного института. – №2/2023. – С. 244-258.

Материал поступил в редакцию журнала 17.02.2026

Mentality in literary text: a pragmatic aspect

L. Amankulova¹, K. Zhalgasbayeva¹

¹Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, 050000, Kazakhstan

The aim of the article is to analyze the mental category expressed in literary works. The article examines the category of mentality and its representation in literary texts. The main idea of the research is to formulate the mental category in literature based on the national code and worldview. The methodological foundation of the study is based on the works of both foreign and domestic scholars. In particular, the scientific judgments of W. von Humboldt, M. Barg, A.Y. Gurevich, E.F. Bizunova, A.A. Potebnya, V.V. Kolesov, N.K. Kultanbayeva, B. Omarovich, K. Baitanasova, and other researchers concerning national consciousness and mentality were analyzed.

The research showed that mentality represents a set of spiritual principles that determine the perception, thoughts, feelings, values, and actions of an individual or social group. The text is a distinctive, large-scale verbal form of speech-thinking acts. In contemporary research, the term "mentality" is often used; however, in this study, the term "mentality," which has been established in global scientific discourse, is applied.

The research employed methods of analysis, control, differentiation, systematization of factual material, description, component analysis, and modeling of linguistic situations. The scientific significance of the work lies in the analysis of such terms in contemporary Kazakh literary theory as national sign, national consciousness, national color, and national character, in conjunction with the concept of mentality. The study covers a wide range of theoretical concepts in literature and their connection with similar concepts in other fields of science, which allows for the differentiation of linguistic, philosophical, psychological, and historical foundations of the concept of mentality.

The practical significance of the conclusions of the work lies in their potential use as supplementary educational material for preparing lectures and seminars in higher education institutions.

Key words: mentality, mindset, national mentality, pragmatics, text, conceptual text analysis, cognitive linguistics

REFERENCES

- 1 Fareed Hameed Al-Hindawi, Mariam D. Saffah. (2019). Literary Pragmatics. *Arab World English Journal (AWEJ)*, 10, 2, 394-408.
- 2 Şalabai B. (2006). Qazaq tılıniñ stilistikasy [The style of the Kazakh language]. Almaty.
- 3 Akkuzova A., Mankeyeva Z., Akkuzov A., Kaiyrbekova U., & Baiymbetova R. (2018). Some features of the meaning “literary text” in the pragmalinguistic aspect. *Opción*, 34(85-2), 20-34.
- 4 Kembayeva A.T., Zhubai O.S. (2023). Pragmatic features of epistolary texts by SH.Murtaza. *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Philological sciences»*, 4(71), 326-340.
- 5 Barg M. (1987). Epohi i idei [Epochs and ideas]. Moscow.
- 6 Gurevich A.İa. (1989). Mentálnöst [Mentality]. Moscow.
- 7 Kultanbaeva N.K. Ertegi diskursynyñ lingvomädeni ölsemderi (qazaq, orys jáne arab tilderi materialdary negızinde) [Linguistic and cultural dimensions of the fairy tale discourse (based on the Kazakh, Russian and Arabic languages (PhD diss.). Almaty.
- 8 Bizunova E.F. Skazochnyi diskurs kak otrajenie mentaliteta naroda (na primere belorusskoi i nemeskoi skazok) [Fairy-tale discourse as a reflection of the mentality of the people (using the

example of Belarusian and German fairy tales)]. *Vestnik «Vitebski gosudarstvennyi universitet im. P.M.Maşerova»*, 3, 54.

9 Mağauin M. Ülttyñ küre tamyry [The Artery of the Nation]. Jüldyz.

10 Aitüly N. Jülqynyp jüirik syndy kermedegı [Rushing like a horse at the cordon].

11 Äbdıkäkımüly T. Bir tal üki [One feathered owl].

12 Sarin Q. Dala [Steppe].

13 Kolesov V.V. (2000). *Drevnäia Rüs: nasledie v slove. Mir cheloveka* [Ancient Russia: a legacy in the word. The human world]. St. Petersburg.

14 Baitanasova Q.M. Auyl beinesı jäne ülttyq tanym [The image of the village and national consciousness]. *Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy*, 2/2023, 244-258.

Received: 17.02.2026

МҒТАР 17.07.31.

DOI:10.59102/kufil/2026/iss1pp243-256

Н.А. Нуркина¹, Ә.П. Шаһарман¹

¹Торайғыров университеті, Павлодар, 140000, Қазақстан

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ «НҮСІПХАН» ДАСТАНЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» дастанының жанрлық және көркемдік ерекшеліктері әдеби тұрғыдан талданады. Дастанның шығыстық, діни және фольклорлық үлгі тұрғысынан өзара үйлесімі ғылыми, әдеби жағынан зерттеледі.

Ақын дастанындағы жанрлық және көркемдік ерекшеліктерді талдауда әдеби-теориялық талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі, мәтіндік талдау, сипаттау, жүйелеу әдістері, авторды зерттеуге бағытталған әдіс, жеке туындыны, оның мазмұны мен нысанын зерттеу әдістемесі әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде дастанның жанрлық және көркемдік тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерге ие шығарма екендігі анықталды. Дастан құрылымында шығыстық хикая, фольклорлық табиғат, діни дүниетаным элементтері көркем поэзиямен ұштасып, шығарманың қазақ әдебиетіндегі көрнекті туындылардың бірі екендігін көрсетеді. Шығармада ХІХ ғасырдың соңындағы қазақ қоғамындағы адамгершілік пен имандылық, өмір мен өлім, тарихи және діни таным мәселелері қамтылып, мазмұндық тұрғыдан кеңінен талданады. Шығарманы талдау барысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тек ақындық қыры ғана емес, сонымен бірге ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаушы, шежіреші, дінтанушы, тарихшы ретіндегі тұлғасы айқын көрсетіледі.

Дастан өзінің тақырыбы, мазмұны және жанрлық табиғаты жағынан шығыстық қисса дәстүрінде жазылғаны, сонымен қатар қазақ фольклоры үлгісіне тән ерекшеліктері бар екендігі байқалады. Мұндағы көтерілетін басты тақырып – жақсылық пен жамандық, адамгершілік пен ізгілік, өмір мен өлім, адамның тағдыры, дін мен иман. Автордың ұстанған мақсаты – адамзатқа өнеге беру, яғни адам баласының дұрыс өмір сүріп, имандылықты ұстануын, дінге берік болуын насихаттау.

Нәтижесінде дастанның жанрлық негізі деректік екені оның көркемдік сипаты арқылы әдеби-ғылыми тұрғыдан талданды. Зерттеу жұмысының мақсаты – «Нүсіпхан» дастанының жанрлық және көркемдік ерекшеліктеріне тоқталу, көркем мәтінмен жұмыс және көркемдік бейнелеу құралдарын әдеби және теориялық тұрғыдан талдау.

Кілт сөздер: жанр, стиль, көркемдік ерекшелік, діни мәтін, шығыс әдебиеті, «Нүсіпхан» дастаны, Мәшһүр Жүсіп.